

Қазақстан Республикасының Үкіметі
(Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі)Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2018 жылғы 27
наурыздағы № 138 қаулысыПравительство Республики Казахстан
(Премьер-Министр РК)

Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне облыс орталықтарында, Астана, Алматы, Түркістан, Семей қалаларында және моноқалаларда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге 2018 жылға кредит берудің негізгі шарттарын бекіту туралы

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 180-бабының 2-тармағына, «2018 – 2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2017 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына және «2018 – 2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 7 желтоқсандағы № 823 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне облыс орталықтарында, Астана, Алматы, Түркістан, Семей қалаларында және моноқалаларда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит берудің 2018 жылға арналған негізгі шарттары бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары, тиісті мәслихаттар 2018 жылға арналған облыстық бюджеттерде тиісті түсімдерді көздейтін шешімдер қабылдағаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде мәслихаттардың көрсетілген шешімдерін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне берсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы, Ұлттық экономика министрліктері заңнамада белгіленген тәртіппен:



- 1) облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарымен кредиттік шарттар жасасуды;
- 2) бюджеттік кредиттердің мақсатты пайдаланылуын және республикалық бюджетке уақтылы қайтарылуын бақылауды қамтамасыз етсін.
4. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Қаржы, Ұлттық экономика министрліктеріне кредиттердің игерілуі туралы ақпарат берсін.
5. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне облыс орталықтарында, Астана, Алматы, Түркістан, Семей қалаларында және моноқалаларда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге 2018 жылға кредит беруге бөлінген бюджеттік кредиттердің игерілу мониторингін қамтамасыз етсін.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне жүктелсін.
7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 27 наурыздағы
№ 138 қаулысымен
бекітілген

**Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне
облыс орталықтарында, Астана, Алматы, Түркістан, Семей қалаларында
және моноқалаларда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге 2018 жылға
кредит берудің негізгі шарттары**

*Ескерту. Негізгі шарттарға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.06.2018 №
375 қаулысымен.*

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы
органдарына (бұдан әрі – қарыз алушылар) кредиттер беру үшін мынадай негізгі
шарттар белгіленеді:

1) облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне
облыс орталықтарында, Астана, Алматы, Түркістан, Семей қалаларында және
моноқалаларда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге 2018 жылға кредит беру
үшін «2018 – 2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан
Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2017 жылғы 7 желтоқсандағы № 823 қаулысында көзделген 9311124000 (тоғыз
миллиард үш жүз он бір миллион бір жүз жиырма төрт мың) теңге сомасындағы
кредиттер қарыз алушыларға 7 (жеті) жыл мерзімге 0,01 % сыйақы
мөлшерлемесімен беріледі;

2) бюджеттік кредитті игеру кезеңі 6 айды құрайды және бюджеттік
кредитті жергілікті атқарушы органға аударған кезден бастап есептеледі.